

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсынудың және оларды тапсырудың тәртібі туралы нұсқаулықты, Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары құжаттарының үлгілерін және Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары белгілерінің сипаттамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1999 жылғы 8 қараша N 90.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабына сәйкес және Қазақстанның мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсынуды, оларды есепке алу мен сақтауды ретке келтіру мақсатында:

1. Ұсынылып отырған:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсынудың және оларды тапсырудың тәртібі туралы нұсқаулық (N 1 қосымша);

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары құжаттарының үлгілері (N 2 қосымша);

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары белгілерінің сипаттамасы бекітілсін (N 3 қосымша).

2. Қазақстан Республикасы Президенті Өкімшілігінің Басшысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын және олардың құжаттарын сатып алу, есепке алу мен сақтау тәртібі туралы нұсқаулықты әзірлеп, бекітсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 28.05.2013 № 205 өкімімен.

3. Осы Жарлықтың 2-тармағында көзделген Нұсқаулықтың талаптары мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар үшін, өздеріне қатысты бөліктерінде, міндетті деп белгіленсін.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

N 1 қосымша
Қазақстан Республикасы Президентінің
1999 жылғы 8 қарашадағы N 90
өкімімен бекітілді

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсынудың және оларды тапсырудың тәртібі туралы
Нұсқаулық**

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсынудың тәртібі

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсыну "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Награданың түрі ең жоғары дәрежелі ерекшелік белгілері - "Алтын Қыран" орденінің, "Халық қаһарманы", "Қазақстанның Еңбек Ері" атақтарының, ордендердің, медальдар мен құрметті атақтардың мәртебелері ескеріле отырып, наградтауға ұсынылатын адамның сіңірген еңбегінің сипаты мен дәрежесі негізінде айқындалады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 01.12.2009 N 278; 26.07.2025 № 233 өкімдерімен.

2. "Алтын Қыран" орденімен наградтауға кандидатураларды Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.

Өзге мемлекеттік наградалармен марапаттауға ұсынуды Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының Құрылтайы, Үкіметі, министрліктер, агенттіктер, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар, шығармашылық одақтар мен басқа да ұйымдар енгізеді.

Наградтауға кандидатураларды еңбек ұжымдары қарап, ұсына алады. Бұл жөнінде награда қағазына жазылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

3. Дәрежелері бар наградалардан басқа бір наградаға екінші рет қайталап ұсынуға жол берілмейді.

Көп балалы аналарды наградтауды және қаһармандық ерлік жасауға, қиын-қыстау жағдаяттарға байланысты айрықша жағдайларды қоспағанда, кезекті наградаға бұдан бұрынғы наградтаудан кейін кемінде бес жыл өткен соң ғана ұсынуға болады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2007.03.25. N 114; 20.10.2023 № 90; 26.07.2025 № 233 өкімдерімен.

4. Мемлекеттік наградаға ұсынылушының әрқайсысына белгіленген үлгідегі награда қағазы жасалады (№ 1 және № 2 нысандар қоса беріліп отыр).

Награда қағазында (№ 1 нысан) наградталушының жеке басын, саладағы және осы ұжымдағы жұмысының жалпы еңбек өтілін, сіңірген нақты еңбегін сипаттайтын деректер, жұмысының тиімділігі мен сапасы туралы мәліметтер баяндалады; өндірісте жұмыс істейтін адамдар үшін - жұмысының негізгі нәтижелері, сондай-ақ ол аталып өтуі мүмкін награда көрсетіледі.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды, сондай-ақ егер өзіне қатысты немесе оның балаларына қатысты қылмыстық іс қозғалған болса, "Алтын алқа" немесе "Күміс алқа" алқасын алуға үміткер көп балалы ананы наградтаудан бас тартылуы мүмкін. Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы ақпарат олардың жасалған мерзіміне қарамастан, барлық мән-жайлар егжей-тегжейлі көрсетіліп, міндетті түрде награда қағазында көрсетіледі. Егер қылмыстық құқық

бұзушылық жасалған немесе қылмыстық іс жүргізу тоқтатылған кезден бастап 10 жыл өтпесе, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға ішкі істер органдарынан мінездеме де награда қағазына қоса беріледі.

Награда қағазына ұйым басшысы қол қояды.

Бірінші басшыға берілетін награда қағазына жоғары тұрған органның басшылығы қол қояды.

Награда қағаздары оларға басшылығы қол қойған ұйымдардың мөрлерімен бекемделеді. Тиісті наградаға ұсынылатын көп балалы анаға белгіленген үлгідегі награда қағазы (№ 2 нысан) толтырылады.

Награда қағаздарын жұмыс істейтін аналарға - жұмыс орны, жеке-дара жұмыс істейтіндер мен жұмыс істемейтін аналарға жергілікті атқарушы органдар толтырады және олардың қойған қолымен және мөрімен олар куәландырылады.

Награда қағазы (№ 2 нысан) ана мен балалардың жеке құжаттарының негізінде толтырылады, ал хабарсыз кеткен немесе "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Заңның 28-бабында көрсетілген жағдайларда қаза тапқан балаларға тиісті органдардың анықтамалары немесе басқа да растайтын құжаттары ұсынылады. Егер көпбалалы ананың баласы шет мемлекеттің азаматы болса, награда қағазына оның құжаттарды жинау кезінде түсірілген 3х4 көлемді түрлі-түсті фотосуреті қоса жалғанады, ал ол 18 жасқа толған кезде шетел азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың толық түрлі-түсті көшірмесі де қоса беріледі.

Балалардың бар екендігін растайтын анықтамалар бір жыл бойы жарамды.

Награда қағаздары компьютерлік техниканы қолданылып толтырылады.

"Халық қаһарманы", "Қазақстанның Еңбек Ері" атақтарын және құрметті атақтарды беруге ұсынылатындардың награда қағаздарына 3х4 көлемді екі фотосурет артқы жағына тегі мен аты-жөні көрсетіліп қоса беріледі.

Дұрыс ресімделмеген және Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссияның отырысына дейін отыз күннен кем мерзімде келіп түскен награда құжаттары қарауға қабылданбайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 26.07.2025 № 233 өкімімен; өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

5. Наградтауға кандидатураны еңбек ұжымы ұсынған жағдайда, награда қағазы мен наградтау туралы еңбек ұжымының өтінімі келіп түскен материалдарды қарап, ұсыным әзірлейтін тиісті атқарушы органдарға немесе министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, шығармашылық одақтарға, қоғамдық ұйымдарға, әскери ведомстволарға және басқа органдарға жіберіледі.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің атына:

меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың, жергілікті мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне, өңірлік қоғамдық бірлестіктердің өкілдеріне - облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері;

астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың тексеру комиссияларының төрағаларына – Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының Төрағасы;

орталық мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін органдардың, республикалық шығармашылық одақтар мен қоғамдық ұйымдардың қызметкерлеріне – осы ұйымдардың басшылары;

орталық мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін органдардың бірінші басшыларына, астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдері мен мәслихаттарының төрағаларына Қазақстан Республикасының Құрылтайы мен Үкіметі ұсынымдар енгізеді

.

Наградтауға ұсынылғандардың әрқайсысына ұсыным жеке дайындалады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 11.01.2016 № 169

Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 12.08.2023 № 51; 26.07.2025 № 233; ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

7. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің әскери қызметшілері мен қызметкерлерін, сондай-ақ осы органдардың азаматтық контингентін наградтау туралы өтінішхаттарды ұсыну тәртібін олардың басшылығы айқындайды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 26.07.2025 № 233 өкімімен.

8. Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарын, сондай-ақ шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды марапаттау туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен келісу бойынша орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар береді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

9. Қаһармандық ерлік жасауға, қиын-қыстау жағдайларға, төтенше жағдайлардың салдарын жоюға байланысты айрықша жағдайларда орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар өздерінің бірінші басшыларының жазбаша келісімін алғаннан кейін өзге де орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жұмыскерлерін наградтау туралы ұсынымдар енгізе алады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 26.07.2025 № 233 өкімімен.

10. Наградтауды алдын ала қарап, ұсыныстар әзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия құрылады.

Комиссияның наградтау жөніндегі өтінімдерді қарау нәтижелері туралы кандидатураны ұсынған органға ауызша түрде хабарланады.

Комиссияның наградтау немесе наградтамау жөніндегі шешіміне азаматтардың арыздары мен өтініштері қаралмайды.

Комиссияның шешімдеріне түсіндірме берілмейді.

Наградталғандардың тізімдері мен олардың санын қоса алғанда, мемлекеттік наградалармен наградтау туралы ақпарат, сондай-ақ наградталғандардың награда қағаздары жеке және заңды тұлғалардың сұрау салулары бойынша берілмейді.

Мұндай ақпарат пен награда қағаздары айрықша жағдай ретінде:

наградталған адамның наградталуына қатысты тікелей өзіне;

өзінің қорғауындағы адамға қатысты адвокаттық сұрау салу бойынша адвокаттарға;

сотталғандарды мемлекеттік наградаларынан айыру туралы ұсынымдарды кейіннен дайындау үшін сотқа;

құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдар жүргізетін сотқа дейінгі тергеп-тексеру шеңберінде осы органдарға;

адамды наградтауға тікелей ұсынған мемлекеттік органдар мен ұйымдарға берілуі мүмкін.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 26.07.2025 № 233 өкімімен.

11. Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік наградалармен наградтау туралы Жарлықтары "Қазақстан Республикасының президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағында", республикалық және жергілікті баспасөзде жарияланып, теледидар мен радио арқылы беріледі.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын тапсыру тәртібі

12. Мемлекеттік наградаларды тапсыру салтанатты және жария жағдайда, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы күшіне енгеннен бастап екі ай мерзімнен кешіктірмей жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын Қазақстан Республикасының Президенті тапсырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің атынан және тапсыруы бойынша мемлекеттік наградаларды:

- Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы;

- астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдері, министрлер, Қазақстан Республикасының елшілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті осыған уәкілеттік берген басқа адамдар да тапсыра алады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 12.08.2023 № 51;
26.07.2025 № 233 өкімдерімен; ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап
қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

13. Наградаларды тапсыру Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында, республикалық, облыстық, қалалық атқарушы органдарында, еңбек ұжымдарының жиналыстарында, сондай-ақ әскери бөлімдер мен бөлімшелерде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы наградталушының жеке өзіне тапсырылады. Награда тапсырылар алдында Қазақстан Республикасы Президентінің наградтау туралы Жарлығы жария етіледі.

13-1. Қазақстан Республикасының құрметті атақтарына ие болған адамдарға белгіленген үлгідегі төсбелгі тапсырылады.

Ескерту. 13-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Президентінің 26.07.2025 № 233 өкімімен.

14. Наградталушының әрқайсысына мемлекеттік награда табыс етілуімен бір мезгілде наградталғандығы туралы мынадай құжаттар да:

- "Алтын Қыран" орденімен наградталған адамға - орден кітапшасы;
- "Халық қаһарманы" атағы берілген адамға - "Халық қаһарманының" кітапшасы мен куәлігі;
- "Қазақстанның Еңбек Ері" атағы берілген адамға - "Қазақстанның Еңбек Ерінің" кітапшасы мен куәлігі;
- орденмен наградталған адамға және "Алтын алқа" немесе "Күміс алқа" алқасымен наградталған көп балалы анаға — орден кітапшасы;
- медальмен наградталған адамға - медальдің куәлігі;
- құрметті атақ берілген адамға - құрметті атақтың куәлігі беріледі.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2009.12.01. N 278;
15.02.2019 № 278; 26.07.2025 № 233 өкімдерімен.

15. Наградтау туралы барлық құжаттар Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде толтырылады.

Наградтау туралы құжаттардың белгіленген мерзімі болмайды. Наградтау туралы құжаттарға қандай да бір түзетулер енгізуге жол берілмейді.

"Халық қаһарманының", "Қазақстанның Еңбек Ерінің" куәліктеріне және құрметті атақтардың куәліктеріне наградталушылардың фотосуреттері жапсырылып, олар мөрмен куәландырылады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2007.03.25. N 114,
2009.12.01. N 278; 15.02.2019 № 278; 26.07.2025 № 233 өкімдерімен.

16. Мемлекеттік награда тапсырылғанға дейін награда тапсырылатын жерде наградталғандардың тізім (N 3 нысан) толтырылады, оған награда тапсырылғаннан кейін оны алғаны туралы наградталушы жеке өзі қол қояды.

Тізім награданы тапсырған адамның қойған қолымен және оны тапсырған органның мөрімен бекітіледі.

Наградталушының тегін, атын, әкесінің атын жазуда әріп айырмашылығы байқалған жағдайда түзету актісі (N 6 нысан) жасалып, оған жергілікті атқарушы орган басшысының қолы қойылып, тапсыру хаттамасына тіркеледі.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2007.03.25. N 114 өкімімен.

17. Мемлекеттік награда тапсырылып болғаннан кейін тапсыру хаттамасы (N 4 нысан) жасалып, ол награда тапсырған адамның қойған қолымен, тапсырған органның мөрімен бекітіледі.

Наградталушы қайтыс болып, мемлекеттік награда оған тірі кезінде тапсырылмаған жағдайда немесе ол қайтыс болғаннан кейін наградталса, награда мен оның құжаттары естелік ретінде сақтау үшін наградталушының отбасына беріледі. Бұл жөнінде хаттама рәсімделіп (N 5 нысан), ол Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жіберіледі.

Егер наградталушы сырқаттығына, мүгедектігіне байланысты тапсыруға келе алмаған жағдайда оған награда оның үйінде немесе ол емделіп жатқан мекемеде тапсырылуы мүмкін.

Наградталушының мекен-жайы өзгерген жағдайда (облыстан, республикадан тысқары жерге кетуіне байланысты) жергілікті жерлерде награда тапсырудың мүмкіндігі болмаған наградталушылардың тізімі жасалып (N 7 нысан), Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жіберіледі.

18. Мемлекеттік наградаларды жергілікті жерлерде тапсыруды ұйымдастыру мен өткізу үшін жауаптылық облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының атқарушы органдарына жүктеледі.

Қоғамдық бірлестіктердің мемлекеттік наградаларды тапсыруы жергілікті атқарушы орган өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады. Өкіл өзінің деректерін: лауазымын, тегін, атын және әкесінің атын көрсетіп, тапсыру хаттамасына виза қояды.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 26.07.2025 № 233 өкімімен

19. Қазақстан Республикасының ордендерін, медальдарын және басқа да ерекшелік белгілерін тағып жүрудің тәртібі "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32 және 33-баптарының шарттарымен реттеледі.

Наградталушыда бұрынғы КСРО мен басқа шет мемлекеттердің мемлекеттік наградалары бар болған жағдайда, КСРО мен шет мемлекеттердің наградалары Қазақстан Республикасының наградаларынан кейін, жоғарыда аталған Заңның 11 және 18-баптарында белгіленген ретпен орналастырылады.

Наградталған адамдар ордендер мен медальдардың орнына наградалардың белгіленген үлгідегі символдарын таға алады.

20. Қажет болған жағдайда наградаға құқықтарды қалпына келтіру растайтын құжаттар (тиісті сот актісінің көшірмелері және мемлекеттік наградаға құқығы қалпына келтірілетін адамның өтініші) қоса беріліп, наградтауға ұсыным енгізуге құқығы бар органдардың өтінішхаты бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік наградалар мен олардың құжаттарының көшірмелерін беру тәртібі "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабының шарттарымен реттеледі. Қажет болған жағдайда наградталушы жоғалғандарының орнына наградалар мен олардың құжаттарының көшірмелерін беру жөнінде жергілікті атқарушы органға өтініш беруіне болады. Өтінішке наградталғандығы туралы құжат, жоғалу жағдаяттары жөніндегі мемлекеттік органның немесе мекеменің құжаты қоса тіркеледі. Жергілікті атқарушы орган өтінішті қарағаннан кейін, өз шешімін, наградталушының өтініші мен оған тіркелген құжаттарды қарап, Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссияға ұсыныс беру үшін облыстық атқарушы органға жібереді.

Наградтау туралы құжаттың көшірмесі қолданылып жүрген бланкіге толтырылып, оған "көшірме" деген сөз жазылады.

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 26.07.2025 № 233 өкімімен.

20-1. Мемлекеттік наградалардың телнұсқаларын дайындау кезінде қымбат бағалы металдар пайдаланылмайды.

Ескерту. 20-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Президентінің 26.07.2025 № 233 өкімімен.

21. Жарамсыз күйге түскен мемлекеттік наградалар мен наградтау туралы құжаттарды айырбастау айрықша жағдайларда ғана, бүлінген белгі мен оның құжаты қоса жіберілген, наградталушының өтініші және жергілікті атқарушы органның өтінімі бойынша Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссияның шешімімен жүргізілуі мүмкін.

N 1 нысан
Қазақстан Республикасы

(облысы)

НАГРАДА ҚАҒАЗЫ

Ескерту. 1-нысан жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2013 жылғы 28 мамырдағы № 205 өкімімен.

1. Тегі, аты, әкесінің аты

2. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) _____

3. Лауазымы, жұмыс, қызмет орны (кәсіпорын, мекеме, ұйым бөлімшесінің атауы дәл көрсетілуі керек)

4. Жынысы _____ 5. Туған жылы мен туған жері _____

6. Ұлты _____

7. Білімі _____

8. Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы _____

9. Қазақстан Республикасының қандай мемлекеттік наградаларымен наградталған және наградталған уақыты:

10. Үйінің мекенжайы _____

11. Жалпы жұмыс өтілі _____ 12. Саладағы жұмыс өтілі _____

13. Осы еңбек ұжымындағы жұмыс өтілі _____

14. Наградталушының нақты айрықша еңбегін сипаттайтын мінездеме:

Кандидатура

(кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның атауы

талқылау болған уақыт, хаттаманың №) _____

талқыланып, ұсынылған.

Мына наградаға ұсынылады _____

(награданың түрі)

Кәсіпорынның, мекеменің, Облыстық, республикалық
ұйымның басшысы атқарушы органның басшысы

(тегі, аты-жөні) (тегі, аты-жөні)

(қолы) (қолы)

М.О. М.О.

_____ жылғы " _____ " _____

(толтырылған айы, күні)

Ескертпе: наградталушының тегі, аты және әкесінің аты жеке басының куәлігі бойынша толтырылып, қазақ және орыс тілдеріндегі транскрипциясы міндетті түрде көрсетіледі.

**Мемлекеттік наградаға ұсынылған көп балалы
анаға арналған**

Ескерту. 2-нысан жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2013 жылғы 28 мамырдағы
№ 205 өкімімен.

НАГРАДА ҚАҒАЗЫ

1. Тегі, аты, әкесінің аты _____

2. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) _____

3. Туған жылы _____ Туған жері _____

4. Ұлты _____

5. Лауазымы мен жұмыс орны _____

6. Көп бала тәрбиелеп өсіргені үшін бұрын қандай наградалармен
наградталды _____

7. Ананың балалары жөніндегі мәліметтер:

N N p/c	Тегі	Аты	Әкесінің аты	Туған жылы	Балалары қазір қайда тұрады
------------	------	-----	--------------	------------	--------------------------------

1.

2.

3.

4.

5.

6.

7.

8. Соңғы баланың туған жылы мен айы _____

9. Ананың үйінің мекенжайы _____

10. _____ ұсынылады
(награданың түрі)

**Көп балалы ананың отбасы мен балаларына
ҚЫСҚАША МІНЕЗДЕМЕ**

Кәсіпорын, мекеме, жергілікті (тегі, аты-жөні)

атқарушы орган басшысының қолы М.О.

(қатыстылығына қарай)

Атқарушы органның шешімі _____

Аудандық (қалалық) атқарушы (тегі, аты-жөні)

орган басшысының қолы М.О.

_____ жылғы " _____ " _____

(толтырылған айы, күні)

Ескертпе: наградталушының тегі, аты және әкесінің аты жеке басының куәлігі бойынша толтырылып, қазақ және орыс тілдеріндегі транскрипциясы міндетті түрде көрсетіледі.

№ 3 Нысан

Қазақстан Республикасы

_____ облысы

Ескерту. 3-нысан жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2007.03.25. № 114 өкімімен.

награда тапсырылған орын награда тапсырылған уақыт

(облыс, қала, аудан)

Қазақстан Республикасы Президентінің

200 ____ жылғы _____ № ____ Жарлығы бойынша

НАГРАДТАЛҒАНДАРДЫҢ ТІЗІМІ

p/c N	Тегі, аты, әкесі- нің аты	Награ- даның түрі	Орденнің, Алтын жұлдыздың нөмірі	О р д е н кітапшасы- ның, медаль, құр - метті атақ куә- лігінің нөмірі	Наград- талушы- ның қолы
1	2	3	4	5	6

Мәліметтердің дұрыстығын және наградталушының

қойған қолын растаймын

_____ (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

_____ (қолы)

М.О.

" " _____ ж.

№ 4 Нысан
Қазақстан Республикасы

_____ облысы

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік
наградаларын тапсырудың
Хаттамасы**

_____ тапсырылған орны тапсырылған уақыты

Мен, _____

тапсырушының қызметі, тегі, аты-жөні

_____ Қазақстан Республикасы Президентінің атынан наградталғандарға
мемлекеттік наградаларды тапсырдым:

Қазақстан Республикасы Президентінің
_____ Жарлығы

бойынша

награданың түрі

_____ Тегі, аты-жөні (Жарлық бойынша) қызметі (Жарлық бойынша)

М.О.

_____ (тапсырушының қолы)

№ 5 Нысан
Қазақстан Республикасы

_____ (облысы)

**Қайтыс болған наградталушының отбасына мемлекеттік награданы
табыс етудің (қайтыс болғаннан кейін)**

Хаттамасы

_____ тапсырылған күні

Мен, _____

(табыс етушінің қызметі, тегі мен аты-жөні)

_____ Қазақстан Республикасы Президентінің _____ жылғы " " _____

Жарлығы бойынша марқұм (қайтыс болғаннан кейін) _____

наградталушының тегі, аты, әкесінің аты

награданың, құжаттың түрі
оның _____
еріне, әйеліне, ұлына, қызына, асыраушысына, қамқоршысына,

әкесіне, анасына, ағасына, інісіне, әпкесіне, қарындасына

тегі, аты, әкесінің аты
табыс еттім.

(табыс етушінің қолы)
М.О.

№ 6 Нысан
Қазақстан Республикасы

(облысы)

**Наградталушылардың тектеріне, аттары мен әкесінің
аттарына түзетулер енгізу туралы
Акт**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын тапсыруға әзірлік кезінде
мынадай айырмашылықтар анықталды:

Қазақстан Республикасы
Президентінің
_____ Жарлығы

награданың түрі
Былай болып кеткен: Былай болуға тиіс:

Әкім

№ 7 Нысан
Қазақстан Республикасы

(облысы)

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарымен
наградталып, бірақ мемлекеттік наградаларды тапсырудың
мүмкіндігі болмаған адамдардың
Тізімі**

NN Наградталушының Жарлықтың Награданың Тапсырылмау себептері
р/с тегі, аты-жөні шыққан түрі мен жаңа мекен-жайы
уақыты мен
нөмірі _____

Кеткен жері
(мекен-жайы)
Қайтыс болған (туыстары жоқ)
Шетелге іссапарға кеткен
(оралу мерзімі)
Әскери қызметке шақырылған

Көрсетілген наградаларды _____
(облысы)

облысының есебінен шығаруды сұраймыз.

Әкім

РҚАО-ның ескертпесі!

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары құжаттарының үлгілері (2-қосымша) осы әкіммен қоса берілмеген.

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР Президентінің 15.02.2019 № 278 әкімімен.

РҚАО-ның ескертуі!

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік наградалары белгілерінің сипаттамасы (3-қосымша) осы әкіммен қоса берілмеген.

Ескерту. 3-қосымшаға өзгерістер енгізу көзделген - ҚР Президентінің 2009.12.01 N 278, 2010.09.08 N 436; 31.03.2015 N 353; 28.05.2015 № 4; 25.05.2020 № 109; 12.08.2023 № 51; 20.10.2023 № 90 әкімімен.